



Сүлеймен



Jeff Skellern
+ TRENDIST



Published by the Comic Bible Society, LLC
Copyright © 2022

Kingstone Comics maintains copyright to
this comic book as provided by United
States copyright law.

Print and digital copies of this version may
be freely distributed without penalty under
a Creative Commons license.






СЕНІҢ КҮЙЕУІН
ЖӘНЕ БІЗДІҢ
ПАТШАМЫЗ
ҚАРТАЙДЫ.

БІЗ ОНЫҢ ҮСТІНЕ
КӨРПЕ ЖАПСАҚ ТА
БОЙЫ ЖЫЛЫМАДЫ.

НЕ
КЕРЕК, СОНЫ
ЖАСАҢДАР!



ШУНЕМ ҚАЛАШЫҒЫНАН АБИСАҒА ЕСІМДІ
ҚЫЗДЫ ТАУЫП, ОНЫ ПАТШАҒА АЛЫП КЕЛДІ.

ОЛ ӘРҚАШАН ПАТШАНЫҢ
ЖАНЫНДА БОЛЫП, ОҒАН КҮТІМ
ЖАСАП ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖҮРДІ.



БІЗ БІР
ҚЫЗДЫ ТАУЫП
АЛЫП КЕЛЕЙІК, ОЛ
ПАТШАҒА КҮТІМ
ЖАСАСЫҢ.

ПАТШАНЫҢ
ҚАЛҒАН ҒҰМЫРЫН
ЖАҚСЫ ӨТКЕНІ ҮШІН
ҚОЛЫМЫЗДАН
КЕЛГЕНІН
ЖАСАЙМЫЗ.



БІРАҚ БІР ПАТШАЛЫҚТЫ
ЖАМАНДЫҚ КҮТІП ОТРЫДЫ.



БҮЛ АДОНІАХ,
ПАТШАНЫҢ ТІРІ ҚАЛҒАН
ҰЛДАРЫНЫҢ ҮЛКЕНІ.
АБЕССАЛОМ ӨЛДІКТЕН КЕЙІН
ПАТША БОЛАМЫН ДЕП
ОЙЛАП ЖҮР.

БҮЛ ТӘКАППАР
ТҮРІМЕН ӨЗІН ПАТША
РЕТІНДЕ КӨРСЕТКІСІ
КЕЛЕДІ.



АДОНІАХ БЕТІМЕН
КЕТІПТІ. ПАТШАЛЫҚ БЕДЕЛІ
ОНЫҢ БАСЫН АЙНАЛДЫРЫП
ЖІБЕРІПТІ. ПАТША БҮЛ БАЛАҒА
ЕШҚАНДАЙ ТӘРБИЕ
БЕРМЕПТІ.

БІРАҚ ОЛ ӘКЕСІ
СИЯҚТЫ ӘСКЕР БАСШЫСЫ
БОЛЫП ОТЫР ҒОЙ.



ЖОҒАБПЕН
ЖӘНЕ ДІНИ
ҚЫЗМЕТКЕР АБИЯТАР
ОҒАН ҚОЛДАУ
КӨРСЕТКЕНІҢ
ЕСТІДІМ.

ИЯ, ЕСТІДІМ.
АЛАЙДА ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕР
САДЫҚ, ЕХОДАЙ ҰЛЫ БЕНАЯХ,
НАТАН ПАЙҒАМБАР, ШИМЕЙ,
РЕГИ ЖӘНЕ ДӘУІТТІҢ
БАТЫРЛАРЫ АДОНІАХТЫ
ҚОЛДАМАДЫ.





БАРЛЫҚ ҚИЫНШЫЛЫҚ
АТАУЛЫДАН ЖАНЫМДЫ САҚТАП
ҚАЛҒАН ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ
АЛДЫНДА ШЫН АЙТАМЫН:
ҰЛЫҢ СҮЛЕЙМЕН ӨЗІМНЕН
КЕЙІН ПАТШАЛЫҚ
ҚҰРАДЫ!

ТАҚСЫР ИЕМ
ДӘУІТ ПАТШАНЫҢ
ӨМІРІ ҰЗАҚ
БОЛСЫН!




ДИНИ ҚЫЗМЕТКЕР
САДЫҚТЫ, НАТАН
ПАЙҒАМБАРДЫ,
ЕХОДАЙ ҰЛЫ
БЕНАЯХТЫ ҚАСЫМА
ШАҚЫРЫҢДАР!



ПАТША НӨКЕРЛЕРІН
ЕРТІП АЛЫҢДАР! ҰЛЫМ
СҮЛЕЙМЕНДІ ӨЗІМНІҢ
ҚАШЫРЫМА
МИҒІЗІҢДЕР.

МҮНАН КЕЙІН
КЕРНЕЙЛЕРІҢДІ
ТАРТЫП, «СҮЛЕЙМЕН
ПАТША ЖАСАСЫН!»
ДЕП ДАУЫСТАП ЖАР
САЛЫҢДАР!



СОДАН ОҒАН ЕРІП
ӨРЛЕП ҚАЙТЫП
КЕЛІҢДЕР. ОЛ САРАЙЫМА
КІРІП, МЕНІҢ ТАҒЫМА
ОТЫРЫП, ӨЗІМНІҢ
ОРНЫМА ПАТШАЛЫҚ
ҚҰРАТЫН БОЛСЫН



АУМИН. ПАТША
ИЕМНІҢ ҚҰДАЙЫ
ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ
ДЕГЕНІ БОЛСЫН!

ОНЫҢ ТАҒЫН
ПАТША ИЕМ
ДӘУІТТИҢ ТАҒЫНАН
ДА ЖОҒАРЫ ҚЫЛА
КӨРСІН!







АДАМ АТАУЛЫ ІСПЕТТІ
МЕН ДЕ БҮ ДҮНИЕДЕН
ӨТПЕКШІМІН.

АЛ СЕН КҮШТІ ДЕ БАТЫЛ ЕР
АЗАМАТ БОЛ! БЕРІЛГЕН ТАУРАТ
ЗАҢЫНДА ЖАЗЫЛҒАН БАРЛЫҚ
ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ӨСИЕТТЕРІН
БҮЛЖЫТПАЙ ОРЫНДАП,
ОНЫҢ ІЗГІ ЖОЛЫМЕН
ЖҮРЕТІН БОЛ!



ЖОҒАБТЫҢ МАҒАН НЕ ІСТЕГЕНІН ӨЗІҢ БІЛЕСІҢ.
ОЛ ИСРАИЛДІҢ ЕКІ ҚОЛБАСШЫСЫН ӨЛТІРДІ. СЕН
ДАНАЛЫҚПЕН ӘРЕКЕТ ЕТІП, ОНЫҢ АҚ ҚЫРАУ ШАЛҒАН
БАСЫНЫҢ ӨЗ ӨЛІМІМЕН ҚАБІРГЕ ТҮСУІНЕ
ЖОЛ БЕРМЕ!

АЛ ҒИЛАҚАДТЫҚ
БАРЗИЛАЙДЫҢ ҰЛДАРЫНА
МЕЙІРІМ КӨРСЕТ, АҒАҢ
АБЕССАЛОМНАН БАС САУҒАЛАП
ҚАШҚАНЫМДА СОЛАР МАҒАН
ҚОЛДАУ КӨРСЕТКЕН
БОЛАТЫН.



ШИМЕЙДІ ДЕ
ҰМЫТЫПА, ОЛ МЕНІ
ҚАРҒАҒАН БОЛАТЫН.
АЛ МЕН ОНЫ
ЖАЗАЛАҒАНЖОҚПЫН.

БІРАҚ СЕН, БАСЫН
АҚ ҚЫРАУ ШАЛҒАН
ОЛ ҚАНЫ ТӨГІЛІП О
ДҮНИЕГЕ АТТАНАТЫН
БОЛСЫН!



ОЛ ҚҰДАЙҒА
ҰНАМДЫ АДАМ
ЕДІ.

ДӘУІТ ИСРАИЛ ЕЛІНЕ БАРЛЫҒЫ ҚЫРЫҚ ЖЫЛ: ХЕБРОНДА ЖЕТІ
ЖЫЛ, ИЕРУСАЛИМДЕ ОТЫЗ ҮШ ЖЫЛ ПАТШАЛЫҚ ҚҰРҒАН ЕДІ.

БІЗ ДӘУІТТІҢ СҮЛЕЙМЕН
ПАТША ЕТІП ТАҒАЙЫНДАҒАНЫНА
КЕЛІСУІМІЗ КЕРЕК.



НЕГЕ КЕЛДІН,
АМАНШЫЛЫҚ
ПА?

АМАНШЫЛЫҚ,
СІЗГЕ АЙТАТЫН
БІР ШАРУАМ БАР
ЕДІ,

ӨЗІҢІЗ МЫНАНЫ ЖАҚСЫ
БІЛЕСІЗ: ПАТШАЛЫҚ БИЛІКТІ
МЕНІҢ ИЕМДЕНУІМ ТИІС ЕДІ..
АЛАЙДА ПАТШАЛЫҚ БИЛІК
ІНІМ СҮЛЕЙМЕНГЕ ӨТТІ



АЛ ЕНДІ, МЕНІҢ СІЗГЕ
ДЕГЕН БІР ӨТІНІШІМ
БАР, ҚОЛЫМДЫ ҚАҒА
КӨРМЕҢІЗШІ!

СҮЛЕЙМЕН ПАТШАМЕН
СӨЙЛЕСІҢІЗШІ, МАҒАН
ӘЙЕЛДІККЕ ШҮНЕМДІК
АБИСАҒАНЫ БЕРСІН

ЖАРАЙДЫ, СЕН
ТУРАЛЫ ПАТШАМЕН
СӨЙЛЕСІП КӨРЕЙІН



АНАМ-САҒАН АРНАП ТАҚ
ҚОЙҒЫЗДЫМ. КЕЛІП ПАТША
АНАСЫ РЕТІНДЕ ОТЫР.

АНАШЫМ, ОЛ
ҚАНДАЙ ӨТІНІШ?
СІЗГЕ ЖОҚ
ДЕМЕСПІН,

СІЗГЕ ДЕГЕН
БІР КІШКЕНТАЙ
БҰЙЫМТАЙЫМ БАР
ЕДІ. СОҒАН ЖОҚ ДЕЙ
КӨРМЕСЕҢІЗ ЕКЕН!

ШҮНЕМДІК АБИСАҒА
АҒАҒЫЗ АДОНІЯХҚА
ӘЙЕЛДІККЕ БЕРІЛСЕ
ЕКЕН



ОДАҢ ДА
БІРДЕН ПАТШАЛЫҚТЫ
ДА БЕРЕ САЛ ДЕП
АЙТПАЙСЫЗ БА?! ОЛ
МЕНІҢ АҒАМ ҒОЙ.

ОСЫ НӘРСЕНІ АЙТҚАНЫ
ҮШІН АДОНІЯХ ЖАНЫНАН
АЙЫРЫЛМАСА, ҚҰДАЙ МЕНІ
ЖАЗАЛАҒАН ҮСТІНЕ ЖАЗАЛАЙ
БЕРСІН! БЕНИАХ, ӨЛТІР ОНЫ!



АААХ



СУЛЕЙМЕН ПЕРҒАУЫН
ҚЫЗЫНА ҮЙЛЕНІП, ОНЫ
САРАЙҒА АЛЫП КЕЛДІ. ^[1]



^[1] Бұл перғауын шиямун болуы
керек. 21 династияның көсемі. Бұл
сулейменнің әлемнің саясатында
беделі болғанын көрсетеді.

ГИБЕОН ҚАЛАСЫНДАҒЫ БИІКТЕУ ЖЕРДЕ ӨТЕ ҮЛКЕН
ҒИБАДАТ ОРНЫ БАР БОЛҒАНДЫҚТАН, ПАТША СОҒАН
БАРЫП, ОНДАҒЫ ҚҰРБАНДЫҚ ҮСТЕЛІНДЕ МАЛДАРДЫ
ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛЫП, ТҮГЕЛДЕЙ ӨРТЕП ҰСЫНДЫ.

ГИБЕОНДА ПАТША 1000 МАЛДЫ
ҚҰРБАНДЫҚҚА ӨРТЕП ТАСТАДЫ.



ЖАРАТҚАН ИЕ
СУЛЕЙМЕНГЕ СОЛ ТҮНІ
ТҮСІНДЕ АЯН БЕРДІ.

ӨЗІңЕ НЕ
СЫЙЛАҒАНЫМДЫ
ҚАЛАСАҢ, СОНЫ
СҰРА!

ӘКЕМ ДӘУІТТІҢ
ОРНЫН БАСТЫРЫП
АЛДЫҢДАҒЫ ПЕНДЕНДІ
ПАТША ЕТІП ҚОЙДЫҢ.
АЛ МЕН ӘЛІ ЖАСПЫН

ӨЗ ХАЛҚЫҢНЫҢ
ІСТЕРІНЕ ӘДІЛ ШЕШІМДЕРДІ
ЖАСАП, ДҰРЫС ПЕН
БҰРЫСТЫ АЖЫРАТА АЛУЫМ
ҮШІН АЙТҚАНДАРЫҢА
ҚҰЛАҚ ТҮРІП, ТҮСІНЕТІН
ЖҮРЕК Б СЫЙЛАЙ ГӨР!

ҚҰДАЙҒА БҰЛ
МІНАЖАТ ҰНАМДЫ
БОЛДЫ.

^[2] СУЛЕЙМЕН СОЛ КЕЗДЕ ШАМАМЕН 21 ЖАСЫНДА ЕДІ.



МЕНЕН ҰЗАҚ
ӨМІР, ЗОР БАЙЛЫҚ
НЕМЕСЕ
ЖАУЛАРЫННЫҢ
ЖЕҢІЛІП, КҮРУЫН
СҰРАҒАН
ЖОҚСЫҢ. СОЛ ҮШІН
САҒАН ДАНАЛЫҚ
ПЕН ТҮСІНІК
СЫЙЛАП
ОТЫРМЫН.

МҮНДАЙ ДАНАЛЫҚ
ПЕН ТҮСІНІК СЕНЕН
БҮРЫН ЕШКІМДЕ
БОЛМАҒАН, ӨЗІҢНЕН
КЕЙІН ДЕ ЕШКІМДЕ
БОЛМАЙДЫ.




МЕНЕН
СУРАМАҒАНДАРЫНДЫ —
БАЙЛЫҚ ПЕН АТАҚ-ДАҢҚТЫ ДА
САҒАН СЫЙЛАЙМЫН. СЕНДЕГІ
БОЛАТЫНДАЙ АСҚАН БАЙЛЫҚ ПЕН
АТАҚ-ДАҢҚ СЕҢІҢ ТІРІ КЕЗІНДЕ
ПАТШАЛАРДЫҢ АРАСЫНДА
ЕШКІМДЕ БОЛМАЙДЫ.

ЕГЕР ӨКЕН ДӘУІТ
СИЯҚТЫ ӨЗІҢ ДЕ МЕНІҢ
ІЗГІ ЖОЛДАРЫММЕН
ЖҮРІП, ЕРЕЖЕЛЕРІМ
МЕН ӨСИЕТТЕРІМДІ
ОРЫНДАЙТЫН БОЛСАҢ,
ҒҰМЫР ЖАСЫҢДЫ ҰЗАҚ
ҚЫЛАМЫН!

СҮЛЕЙМЕН ОЯНЫП, МҮНЫҢ ТҮСІ ЕКЕНІН ҰҚТЫ.

ОЛ ИЕРУСАЛИМГЕ ҚАЙТА ОРАЛЫП, ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ
КЕЛІСІМ САНДЫҒЫНЫҢ АЛДЫНА ҚҰРБАНДЫҚТАР ҰСЫНДЫ.



МҮНАН КЕЙІН ӨЗІНІҢ БАРЛЫҚ
НӨКЕРЛЕРІ ҮШІН ҮЛКЕН ТОЙ ЖАСАДЫ.

ОСЫ ДАНАЛЫҚ БІР ДАУМЕН ТЕКСЕРІЛДІ.

МЫНА ӘЙЕЛ ЕКЕУІМІЗ
БІР ҮЙДЕ ТҰРАМЫЗ. ОЛ
ҮЙДЕ БОЛҒАН КЕЗДЕ МЕН
БІР БАЛА БОСАҢДЫМ. ҮШ
КҮН ӨТКЕННЕН KEЙІН
МЫНА ӘЙЕЛ ДЕ БАЛА
ТҰДЫ

АЛ МЫНА ӘЙЕЛ ТҮНДЕ
ҰЛЫН ҚАСЫНА АЛЫП ЖАТЫП,
ТҮНШЫҚТЫРЫП ӨЛТІРІП
АЛДЫ. СОНДА ОЛ ТҰРЫП, ПЕНДЕНІЗ
ҰЙЫҚТАП ЖАТҚАН КЕЗДЕ МЕНІҢ
ҰЛЫМДЫ АЛЫП, ӨЗІНІҢ ӨЛГЕН
ҰЛЫН ҚОЙНЫМА САЛЫП ҚОЙДЫ.

ЖОҚ

ТІРІ БАЛА
МЕНІКІ, ӨЛГЕНІ
СЕНІКІ!

ЖО-ЖОҚ,
ӨЛГЕН БАЛА
СЕНІКІ, ТІРІСІ
МЕНІКІ!

ТҮНДЕ
СЕНІҢ БАЛАҢ
ШЕТІНЕП КЕТТІ.
БҰНЫ
МОЙЫНДА.

ЕНДІ... БАРЛЫҒЫН
ҚАЙТАДАН ҚАРАП
КӨРЕЙІК. ЕКЕУІН ДЕ БҰЛ ТІРІ
БАЛА МЕНІКІ ДЕП АЙТЫП
ОТЫРСЫНДАР.

МЕНДЕ БІР
ШЕШІМ БАР-МАҒАН
СЕМСЕР АЛЫП
КЕЛІНДЕР.




СҮЛЕЙМЕН ПАТША БОЛҒАН УАҚЫТТА ИСРАИЛДІҢ
ОН ЕКІ РУЛАРЫ БЕЙІТШІЛІКТЕ БОЛДЫ.

СҮЛЕЙМЕН ӨЗІНІҢ ӘСКЕР БАСШЫСЫН, ДІНИ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН, ХАТШЫЛАРЫН, ҰӘЗІР ӘРІ ЖЫЛНАМАШЫ,
АЙМАҚ ӘКІМДЕРІНІҢ БАСТЫҒЫ, ХАЛЫҚТЫҢ МІНДЕТТІ
ЖҰМЫСТАРЫН АТҚАРАТЫҢ БАСШЫЛАРЫН ТАҒАЙЫНДАДЫ.

СҮЛЕЙМЕН ПАТШАНЫҢ БҮКІЛ ИСРАИЛДІҢ ҮСТІНЕН ҚАРАЙТЫҢ ОН
ЕКІ ӘКІМІ БОЛДЫ. ӘКІМДЕР ПАТШАНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САРАЙ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП ОТЫРДЫ.





СҮЛЕЙМЕН ҚҰДАЙДЫҢ СОҢЫНАН ЕРГЕН
УАҚЫТҚА ДЕЙІН ИСРАИЛ БЕЙБІТ ПЕН
БЕРЕКЕТКЕ БӨЛЕНІП ОТЫРДЫ.



КҮН САЙЫН СҮЛЕЙМЕННІҢ САРАЙЫНА
МЫНА АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ ТӨМӨНДЕГІ МӨЛШЕРІ
ӘКЕЛІНЕТІН: ОТЫЗ ҚАП ТАҢДАУЛЫ БИДАЙ
ҰНЫ, АЛПЫС ҚАП ӨЗГЕ ҰН

ПАТШАНЫҢ САРАЙЫ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ
БАСШЫЛАРЫ БОРДАҚЫЛАНҒАН ОН ЖӘНЕ
ЖАЙЛАУДА СЕМІРТІЛГЕН ЖИЫРМА МҮЙІЗДІ ІРІ
ҚАРА, ЖҮЗ ҚОЙ-ЕШКІ, ОНЫҢ ҮСТІНЕ БҰҒЫ,
КИІК, ЕЛІК ЖӘНЕ СЕМІРТІЛГЕН ҚҰСТАР.



СҮЛЕЙМЕННІҢ ТӨРТ МЫҢ ЖЫЛҚЫҒА АРНАЛҒАН
ҚОРАЛАРЫ ӘРІ ОН ЕКІ МЫҢ ЖЫЛҚЫСЫ БОЛДЫ.

ҚҰДАЙ СУЛЕЙМЕНГЕ ОРАСАН ЗОР
ДАНАЛЫҚ ПЕН ТҮСІНІК ДАРЫТТЫ

ҮЛЕЙМЕННІҢ ДАНАЛЫҒЫ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ
МЕН МЫСЫР ЕЛІНІҢ КЕМЕҢГЕРЛЕРІНІҢ
АҚЫЛ-ПАРАСАТЫНАН ДА АСЫП ТҮСТІ.

ОЛ КҮЛЛІ ӨСІМДІКТЕР ЖАЙЛЫ ТӘЛІМ
БЕРДІ. СОНДАЙ-АҚ, ОЛ МАЛДАР, ҚҰСТАР,
БАУЫРЫМЕН ЖОРҒАЛАУШЫЛАР ЖӘНЕ
БАЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ДА АЙТЫП КЕТКЕН.



БҮКІЛ ДҮНИЕНІҢ ПАТШАЛАРЫ
КҮЛЛІ ҰЛТТАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ
ОНЫҢ ДАНАЛЫҒЫН ТЫҢДАП,
ҮЙРЕНУГЕ КЕЛІП ЖАТАТЫН.



МЫНА ХАТТЫ
ПАТШАҢА АПАРЫП
БЕР.

ӘКЕМ ДӘУІТ
ЖАРАТҚАН ИЕҢІЗ
АТЫҢА АРНАП ГИБАДАТ
ЕТЕТІН КИЕЛІ ҮЙДІ САЛА
АЛМАЙ КЕТТІ, СЕБЕБІ
ОҒАН ҚАРСЫ
ЖАН-ЖАҚТАН СОҒЫС
ЖҮРГІЗІЛІП
ОТЫРДЫ.

ЖАРАТҚАН ИЕ
ӘКЕМ ДӘУІТКЕ ҰЛЫ
ГИБАДАТХАНАНЫ
САЛАТЫН БОЛАДЫ
ДЕП УӘДЕ ЕТКЕН

СОНДЫҚТАН
ДА МАҒАН АРНАП ЛИВАН
ТАУЛАРЫНАН САМЫРСЫН
АҒАШТАРЫН ҚҰЛАТЫП
БЕРУ ЖАЙЛЫ БҮЙРІК
БЕРСЕҢІЗ ЕКЕН.


СІЗДІҢ
ҚЫЗМЕТШІЛЕРІҢБЕН
БІРГЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ӨЗ
АДАМДАРЫМДЫ ДА
ЖІБЕРМІН. ӨЗ АРАМЫЗДА
СИДОНДАҒЫДАЙ АҒАШ
ҚҰЛАТУДЫҢ ШЕБЕРЛЕРІ
ЖОҚ



ОСЫ ҰЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ
ҮСТІНЕН ПАТША БОЛУҒА
ДӘУІТКЕ ДАНА ҰЛ
СЫЙЛАҒАН ЖАРАТҚАН ИЕ
МАДАҚТАЛСЫН!


БАРЛЫҒЫН ДА
ОРЫНДАЙМЫЗ
ДЕП АЙТЫНДАР
ОҒАН.





СУЛЕЙМЕН ҒИБАДАТХАНАНЫ МОРИА ТАУЫНДА САЛА БАСТАДЫ. СОЛ ЖЕРДЕ ҚҰДАЙ ОНЫҢ ӘКЕСІ ДӘУІТКЕ КЕЛГЕН ЕДІ.

ҒИМАРАТ ТАС ҚАЗЫП, ҚАШАЙТЫН ОРЫНДА ӨҢДЕЛІП ДАЙЫНДАЛҒАН ТАСТАРДАН САЛЫНДЫ. СОЛ СЕБЕПТІ САЛЫНЫП ЖАТҚАН КИЕЛІ ҮЙДЕН БАЛҒА, БАЛТА СИЯҚТЫ ТЕМІР ҚҰРАЛДАРДЫҢ ДЫБЫСЫ ЕСТІЛМЕДІ.



ҒИБАДАТХАНАНЫҢ АЛДЫНҒЫ ЖАҒЫНА ОЛ ЕКІ БАҒАНА ҚОЙЫП ҚОЙДЫ.

БІРЕУІН АТЫН БОҒОЗ^[1], АЛ ЕКІНШІНІҢ АТЫ ЖАХИН ДЕП ҚОЙДЫ^[2].

[1] СОЛ ЖАҒЫНДАҒЫСЫ БОҒОЗ («ҚҰДІРЕТ ИЕСІ»)

[2] ОҢ ЖАҒЫНДАҒЫСЫ ЖАХИН («БЕРІК ОРНАТУШЫ»)



СОНЫМЕН ҚҰДАЙ СУЛЕЙМЕНГЕ БЫЛАЙ ДЕЙДІ...

ЕГЕР МЕНІҢ БАРЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІМДІ ОРЫНДАП, ШЕШІМДЕРІМ МЕН ӨСИЕТТЕРІМДІ ҰСТАНЫП ЖҮРЕТІН БОЛСАҢ, ОНДА ӘКЕН ДӘУІТКЕ БЕРГЕН ҮӘДЕМДІ ӨЗІҢ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАМЫН.

МЕН ИСРАИЛДІКТЕРДІҢ АРАСЫНДА ТҮРАТЫН БОЛАМЫН, ӘРІ ХАЛҚЫМ ИСРАИЛДІ ЕШҚАШАН ТАСТАП КЕТПЕЙМІН!

СУЛЕЙМЕН ПАТША ТИР ҚАЛАСЫНА КІСІ ЖІБЕРІП, ХУРАМ-АБИ
ЕСІМДІ ШЕБЕР ҰСТАНЫ ШАҚЫРТП АЛДЫРТТЫ.

ҰСТА БІР ДӘУ ҚАЗАНДЫ ДА ҚОЛАДАН БАЛҚЫТП,
ҚҰЙЫП ЖАСАДЫ. ДӘУ ҚАЗАН БҰҚА КЕЙІПТЕС ОН ЕКІ
ТУҒЫРДЫҒЫ ҮСТІНЕ ОРНАТЫЛДЫ. ^[1]

^[1] ОЛ ҚАЗАННЫҒЫ АТЫН ТЕҢІЗ ДЕП ҚОЙДЫ. ОНЫҒЫ ЕНІ ОН ТӨРТ
МЕТР БОЛАТЫН. ОНЫҒЫ ІШІНЕ ЕКІ ЖҰЗ КҰБЫ СУ СЫЯТЫН.

ОЛ ХОШ ИІСТІ ЗАТТАР ТҮТЕТІЛЕТІН, АЛТЫН
ҚАПТАЛҒАН ҮСТЕЛ, ЖАРАТҚАН ИЕНІҒ
АЛДЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН НАНҒА АРНАЛҒАН
АЛТЫН ҚАПТАЛҒАН ҮСТЕЛ ЖАСАДЫ.



ШАМ ҚОЙҒЫШТАР, ГҮЛ ІСПЕТТІ
ӘШЕКЕЙЛЕР, ШЫРАҚТАР ЖӘНЕ
ҚЫСҚАШТАР. ОСЫ СОҒҒЫЛАР САФ
АЛТЫННАН ЖАСАЛДЫ.



КИЕЛІ ҮЙДІҒ ҚАСИЕТТІ
ЖӘНЕ ЕҒ ҚАСИЕТТІ
БӨЛМЕЛЕРІНІҒ
ЕСІКТЕРІНІҒ
ТОПСАЛАРЫНА ДЕЙІН
АЛТЫННАН ЖАСАЛДЫ.

ЖЕТІ ЖЫЛДАН КЕЙІН
ҒИБАДАТХАНА САЛЫНЫП БІТТІ.

СҮЛЕЙМЕН, ОНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ДІНИ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ЛЕУЛІКТЕР, РУ БАСЫЛАР, АҚСАҚАЛДАР,
ӘСКЕР БАСШЫЛАРЫ ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ КЕЛІСІМ
САНДЫҒЫН ТҮРҒАН ОРНЫНАН КӨТЕРІП АЛЫП КЕТТІ.







ҚАРАҢДАР! ДІНИ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР
ҒИБАДАТХАНАДАН ШЫҒЫП
КЕЛЕ ЖАТЫР. ОЛАР
ҚЫЗМЕТТЕРІН БІТІРЕ
АЛМАДЫ-ӨЙТКЕНІ
ҒИБАДАТХАНА ҚАЛЫҢ
БҮЛТҚА КЕНЕЛДІ.

БҮЛ ҚҰДАЙДЫҢ НҮРЛЫ
САЛТАНАТЫ. ҚҰДАЙ ӨЗ
ХАЛҚЫНА ЖӘНЕ БІЗ САЛЫП
БЕРГЕН ҒИБАДАТХАНАСЫНА
РИЗА ШЫҒАР.




УА, ИСРАИЛДІҢ ҚҰДАЙЫ
ЖАРАТҚАН ИЕ! ЖОҒАРЫДАҒЫ
КӨКТЕ ДЕ, ТӨМЕНДЕГІ ЖЕРДЕ
ДЕ СЕН СИЯҚТЫ ЕШБІР ҚҰДАЙ
ЖОҚ! ЖАСАҒАН КЕЛІСІМІҢЕ
АДАЛСЫҢ, ШЫН ЖҮРЕКТЕН
ТУРА ЖОЛЫҢМЕН ЖҮРГЕН
ҚЫЗМЕТШІЛЕРІҢЕ
РАҚЫМЫҢ МОЛ.

АЛАЙДА ҚҰДАЙ
ШЫНЫМЕН-АҚ ЖЕР БЕТІНДЕ
ТҰРАТЫН БОЛА МА?! ТІПТІ
ҰЛАН-ҒАЙЫР КӨКТИҢ ӨЗІ СЕНІ
СЫЙҒЫЗА АЛМАҒАНДА, МЕН
САЛҒАН МЫНА ҮЙ ҚАЙДАН
СЫЙҒЫЗСЫН?!

БОЛАШАҚТА
ЕЛДІ АШАРШЫЛЫҚ НЕ
ІНДЕТ ЖАЙЛАСА, ОНДА
ОЛАРДЫҢ ӨЗІҢЕ
СЫЫНЫП ЕТКЕН
МІНАЖАТТАРЫНА ҚҰЛАҚ
САЛА ГӨР.

ЕГЕР ДЕ ХАЛҚЫҢ
ИСРАИЛ СЕНІҢ АЛДЫҢДА
КҮНӨҒА БАТҚАНДЫҚТАН,
ЖАУЛАРЫНАН ЖЕҢІЛІП ҚАЛСА,
АЛ КЕЙІН САҒАН ҚАЙТЫП, РАҚЫМ
КӨРСЕТУІНДІ СУРАП
ЖАЛЫНСА, ОНДА СЕН КӨКТЕҢ
ОЛАРҒА ҚҰЛАҚ САЛА ГӨР.

СЕНІҢ КӨЗДЕРІҢ
ОСЫ ЖЕРДЕ СЫЫНЫП
ТҰРҒАН ХАЛҚЫНА НАЗАР
АУДАРА КӨРШІ



СҮЛЕЙМЕННІҢ ЗОР ДАҢҚЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ҚҰРМЕТІНЕ САЛҒАН КИЕЛІ ҮЙІ ТУРАЛЫ СӘБА ЕЛІНІҢ ПАТШАЙЫМЫ ДА ЕСТІГЕН КЕЗДЕ 2000 ШАҚЫРЫМ ЖҮРІП КЕЛДІ.

СОДАН ОЛ ҚИЫН САУАЛДАР ҚОЙЫП СҮЛЕЙМЕННІҢ ДАНАЛЫҒЫН СЫНАМАҚШЫ БОЛДЫ. ПАТША БІЛМЕЙ, ТҮСІНДІРЕ АЛМАҒАН БІРДЕ-БІР САУАЛ БОЛҒАН ЖОҚ.



СІЗДІҢ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІҢІЗ БЕН ДАНАЛЫҒЫҢЫЗ ТУРАЛЫ ЕЛІМДЕ ЖҮРІП ЕСТІГЕНДЕРІМНІҢ БӘРІ ДЕ ШЫНДЫҚ ЕКЕН. РАСЫНДА ОНЫҢ ТІПТІ ЖАРТЫСЫ ТУРАЛЫ ДА ЕСТІМЕППІН!

МЫНА АДАМДАРЫҢЫЗ ҚАНДАЙ БАҚЫТТЫ! ӘРҚАШАН ҚАСЫҢЫЗДА ЖҮРІП, ДАНАЛЫҒЫҢЫЗДЫ ТЫҢДАЙ АЛАТЫН НӨКЕРЛЕРІҢІЗ ҚАНДАЙ БАҚЫТТЫ!




АЛ ЕНДІ АРАБИЯДАН ...ПАТШАҒА ЖҮЗ ЖИЫРМА АТ БАСЫНДАЙ АЛТЫН, ОРАСАН ЗОР МӨЛШЕРДЕ ХОШ ИІСТІ ЗАТТАР МЕН АСЫЛ ТАСТАРДЫ ТARTY АЛЫП КЕЛДІМ.^[1]



^[1] БІР АТ БАСЫ 35 КГ-ҒА ЖҮЫҚ БОЛАТЫН. СОНДЫҚТАН ХАНШАЙЫМ СҮЛЕЙМЕН ПАТШАҒА 4 ТОНН АЛТЫН СЫЛАПТЫ.

СҮЛЕЙМЕН ЖЫЛ САЙЫН БАРЛЫҚ ПАТШАЛАРЫНАН
ЖӘНЕ ЕЛДІҢ ӘКІМДЕРІНЕН АЛТЫННАН 250
МИЛЛИОН ДОЛЛАР КЕЛІП ЖАТТЫ.

БІРАҚ СҮЛЕЙМЕН БҮЛ БАЙЛЫҚТАН ТҮЗАҚҚА ТҮСТІ.



ҚҰДАЙ МҮСА АРҚЫЛЫ БЕРГЕН ЗАҢДАРДЫ БҮЗДЫ. СҮЛЕЙМЕН
СОҒЫС КҮЙМЕЛЕРІ МЕН АТТАРДЫ ДА ЖИНАП, ЖАСАҚТАДЫ.

КЕЙІН ОЛ ОДАН ДА БЕТЕР ЖАМАНДЫҚ ЖАСАДЫ.
ОЛ ӨЗІНЕ ШЕТЕЛДІК ӘЙЕЛДЕРДІ АЛДЫ.



ЖӘНЕ ДЕ ҚҰДАЙ АЙТҚАНДАЙ, ОЛ
ӘЙЕЛДЕР ПАТШАНЫҢ ЖҮРЕГІН
БАСҚА ТӘҢІРЛЕРГЕ БҮРҒЫЗДЫ.

ОНЫҢ КЕЙБІР ӘЙЕЛДЕРІ АСТАРТА
МҮСІНІНЕ ТАБЫНАТЫН.



АЛ БАСҚАЛАР МОЛОХҚА
ТАБЫНДЫ. МОЛОХҚА ҚҰРБАНДЫҚ ЕТУ ҮШІН
ОТҚА БАЛАЛАРДЫ ТАСТАУ АРҚЫЛЫ БОЛДЫ.

МОАБТЫҚТАРДЫҢ ҚҰДАЙЫ ХАМОСҚА ДА
БАЛАЛАРДЫ ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛАТЫН.

СОНДА 2РЕТ АЯН БЕРГЕН ИСРАИЛДІҢ
ҚҰДАЙЫ ЖАРАТҚАН ИЕ СҮЛЕЙМЕНГЕ
ҚАҢАРЛАНДЫ.

ҚҰДАЙ БЫЛАЙ ДЕЙДІ:
"СЕН ОСЫЛАЙ ІСТЕП МЕНІҢ
КЕЛІСІМІМДІ, ӨЗІҢЕ ОРЫНДАУҒА
ТАПСЫРҒАН ЕРЕЖЕЛЕРІМДІ
УСТАНБАДЫҢ. СОЛ СЕБЕПТЕН
МЕН МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ПАТШАЛЫҚ
БИЛІКТІ СЕНЕН ЖҰЛЫП АЛЫП,
ҚЫЗМЕТШІЛЕРІҢНІҢ БІРЕУІНЕ
ТАПСЫРАМЫН"

ДЕГЕНМЕН ӘКЕН ДӘУІТКЕ
БОЛА БҰНЫ СЕНІҢ КӨЗІҢНІҢ
ТІРІСІНДЕ ІСТЕМЕЙМІН. МЕН
ПАТШАЛЫҚТЫ ҰЛЫҢНЫҢ
ҚОЛЫНАН ЖҰЛЫП АЛАТЫН
БОЛАМЫН

АЛАЙДА ҚЫЗМЕТШІМ
ДӘУІТ ҮШІН ЖӘНЕ ӨЗІМ
ТАҢДАП АЛҒАН ИЕРУСАЛИМ
ҮШІН ҰЛЫҢНАН БҮКІЛ
ПАТШАЛЫҚТЫ ТАРТЫП
АЛМАЙ, ОНЫҢ БИЛІГІНЕ БІР
РУДЫ ҚАЛДЫРАМЫН

ҚҰДАЙ ӨЗ СӨЗІНДЕ
БЕРІК ҚАЛДЫ.

БАС КЕЗДІНДЕ ҚҰДАЙ ЕДОМДЫҚ
ХАДАДТЫ ДҮШПАН РЕТІНДЕ ШЫҒАРДЫ.

КЕЙІН АРАМ ҚАЛАСЫНАН РЕЗОНДЫ ШЫҒАРДЫ. ОЛ
СҮЛЕЙМЕННІҢ ЖӘНЕ ИСРАИЛДІҢ ДҮШПАНЫ БОЛДЫ.

СОЛ ШАМАДА СҮЛЕЙМЕННІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
БІРІ — ЕРОБОҒАМ ДА ПАТШАҒА ҚАРСЫ БАС КӨТЕРДІ.

ҚҰДАЙ ӨЗ ПАЙҒАМБАРЫН
АХИЯХТЫ ЖІБЕРДІ.

СЕНІҢ ҚҰДАЙДЫҢ
ПАЙҒАМБАРЫ ЕКЕНІҢ
БІЛЕМІН, БІРАҚ МЕНІҢ
ЖАҢА ШАПАНЫМДЫ
НЕГЕ ЖЫРТЫП
ЖАТЫРСЫН?

ОСЫ ОН ПАРШАНЫ
ӨЗІҢЕ АЛ! СЕБЕБІ ИСРАИЛДІҢ
ҚҰДАЙЫ ЖАРАТҚАН ИЕ
МЫНАНЫ АЙТАДЫ: БІЛІП АЛ!
МЕН ПАТШАЛЫҚТЫ
СҮЛЕЙМЕННІҢ ҚОЛЫНАН
ЖҰЛЫП АЛЫП, ОН РУДЫҢ
ҮСТІНЕН БИЛІКТІ САҒАН
БЕРІП ОТЫРМЫН.

ТЕК ҚЫЗМЕТШІМ
ДӘУІТ ҮШІН ОНЫҢ
БИЛІГІНЕ БІР РУДЫ
ҚАЛДЫРАМЫН.



АЛАЙДА МЕН СЕНІ
ИСРАИЛДІҢ ПАТШАСЫ
БОЛУҒА ТАҒАЙЫНДАП, СЕН
ЖҮРЕГІҢ ҚАЛАҒАН
НӘРСЕЛЕРДІҢ БӘРІНЕ БІЛІК
ЖҮРГІЗЕТІН БОЛАСЫҢ.



ЕГЕР МЕНІҢ ӨЗІҢЕ ӨСИЕТ
ЕТКЕНІМНІҢ БАРЛЫҒЫНА
МОЙЫНСУНСАҢ, ӘРІ ҚЫЗМЕТШІМ
ДӘУІТТІҢ ОРЫНДАҒАНЫНДАЙ, СЕН
ДЕ МЕНІҢ ЖОЛЫММЕН ЖҮРІП,
ИСРАИЛ ЕЛІНІҢ ПАТШАЛЫҚ БІЛІГІН
СЕНІҢ ҚОЛЫҢА ТАПСЫРАМЫН.



СҮЛЕЙМЕН ЕРОБОҒАМДЫ ӨЛТІРМЕК БОЛДЫ.
БІРАҚ ОЛ МЫСЫРҒА ҚАШЫП БАРЫП, СОЛ ЕЛДІҢ
ПАТШАСЫ ШУШАҚТАН ПАНА СҰРАДЫ.



СҮЛЕЙМЕН ИЕРУСАЛИМДЕ БҮКІЛ ИСРАИЛДІҢ ҮСТІНЕН
ҚЫРЫҚ ЖЫЛ БОЙЫ ПАТШАЛЫҚ ҚҰРҒАН СОҢ КӨЗ
ЖҰМЫП, АТА-БАБАЛАРЫНЫҢ ҚАСЫНА ЖӨНЕЛДІ.



СҮЛЕЙМЕННІҢ
ҰЛЫ РОХАБӨҒАМ
ОРНЫН БАСЫП
ПАТША БОЛДЫ.



"THE BIBLE EXPLAINED
IN EVERY LANGUAGE."



SUPERBIBLE.TV